

30 ТАМЫЗ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

Дәстүрге – құрмет, Занға – тағзым!

2013 жыл

TURKESTAN

Біздің электронды пошта: turkestan_gazeta@mail.ru
Біздің сайт: www.turkystan.kz

Газет 1994 жылғы қантардың 28-інен шыға бастады



Халықаралық саяси апталық

ЖАРАМАЗАН ЖАЙЛЫ СӨЗ

Бүкіл мұсылман жұрттың үшін ең ұлық ай бол есептегетін рамазаның басталғанына да бірнеше күн етті. Рамазан – ораза айы. Ал оразаның не екені, оның қайдан пайда болып, нендей себепке байланысты шықканы мұсылмандықка бет бүрган кез келген адамға белгілі. Оған коса, тек бул айда ғана орындалатын діни рәсімдердің барлығы да мұсылман жамағатына жақсы таныс. Десек те, осы ораза кезінде орындалатын көп ғұрыптардың бірінін шығу тегі мен оның дүркіс аталау туралы ой қозғау орынды. Ол – жарамазан сезінің түптеркіні.

Бәрімізге белгілі, жарамазан айту – тек ораза айында орындалатын үрдістердің бірі. Осы жарамазанды біреулер «жарапазан» деп айтЫП та, жазып та жүр. Тіпті бір кездері «Арқас» ансамблінің әншісі Б. Құсайынов шырқайтын осы аттас ән де бар еді. Ал «жарапазан» деген сезіндің қайдан шыкканын, оның не мағина беретінін түсіндіріп берші десек, тошыкканы жауап таба алмайтынана мен кепіл. Өйткені «жарапазан» деген мағынасыз атау – исламдың ғұрыптар мен ұстанымдардың барлығын ақтасты еткен кешегі кеңес идеологиясы түсінінде пайда болған. Анығын айтқанда, ау бастағы аталауы кемістіліп, айтылуы взерікке ұшыраган сез. Сол кездеғі атеистер кеңестік әдебиеттерде жарамазанды жүртқа жағымсыз ері тұм мағынасын тұрғыда көрсеткіп иштеп – оны ораза уақытында кейділер кеш түсे байлардың үйлеріне барып, ән-жырмен қайыр сұрайтын дағдының бір түрі болған деп көрсеткені аздай, оның атын да езгергіп жіберген.

Ілкідегі ата-бабаларымыз ап-анық әрі туындын тілмен жарамазан деп атаган осы бір ораза кезінде айтылатын әүенінің аты неліктен «жарапазанға» ауысып кеткенін көп жылдар бойы зерттедім. Мәселең, «Дала уалятты», «Түркістан уалятты», «Ақжол» сияқты ескілікті яғни ұлы казан тоңкерісінен бүрін шығып тұрған газеттерде бұл әннін атын «жарамазан» деп жазған. Ал «жарапазан» деген бұрма ғтауды алғаш рет «Советская степь» газетінде

1928 жылы шықкан 136-нөмірінен кездестірдім. 1932-33 жылдары дін тақырыбын оқтын-оқтын көтеріп, молда-ишандарды есекке теріс мінгізген «Социалды Қазақстан» газеті де солай жазады. Содан кейінде мен актарған кеңестік басылымдардың барлығы да «Советская степь» салып берген жана ері тұрпайы атауды қайталайды. Демек, жарамазаның ортастырылғаны «м» арпін «п»-ға ауыстырып, «жарапазан» деген кемістіле атауды кеңес идеологтары қалыптастырыған.

Негізінде жарамазаның бастапкы түбір атауы – жә-ә рамазан. «Жә-ә» сезін араб шашан аударсақ, казақша «келді» деген сез шығады. Сонда «жә-ә рамазан», яғни біздің тілдік үйлесімдікке қарай қалыптастан «жарапазан» – «рамазан келді», «рамазан айы басталды» деген ұғымды білдіреді. Осыған карасақ, бұл сезіндің пайда болуы рамазан айын байланысты болып түр. Ал оның шығу тегіне келсек, ертеде кедей арабтар рамазан, яғни ораза айы түсіненде таң азанымен топ-тобымен бақуат кісілердің үйлеріне барып: «Тұрғындар. Сөресі ішетін ұлы айдын тағы бір таңы атты. Бәрін де қатардан калмай, Алланың шапағатына бөлениңдер» деген пінгілдігі сезідерге саятын шұмактары, басқа ешқандай әнге ұқсамайтын макамы бар әүен-жырды жырлайтын болған. Бұл әндері үшін байлар оларға тиісінше сый-сияппат көрсеткен. Осы әуеніді олар «жә-ә рамазан» деп атаган. Сол «жә-ә рамазан» (жарамазан) ешбір діндік парызыннан көрсеткенінде қатарына жатқызылмаса да, исламмен еріп, қазақ дала-сина келген.

Бір гажабы, ислам Орта Азия мен біздің далага қарай қанат жаиганда онымен бірге келген жарамазан айту салтын түрік халықтары ішінде тек қазақтар ғана қатаң сактап калған. Тек арабтар оны таң азанымен айтатын болса, қазақтар кеш түсे шыркайтын болған. Бірақ кайыр сұрау түрінде емес. Жарамазан айту ежелгі қазақтардың ақынжандылық касиетіне дөп келген. Қазақтар оны шырқау барысында ак пейілді көнілмен сәлемдесудің, таза ниеттің тілек араудың жарын үлгілерін өлеңмен

курап, сондай-ак дінге, исламға көткесті да небір өнегелі сөз шұмактарын жинақтап ауеzi әуенге салған. Сөйтіп дос-жарандардың, тұтнің белек ағайын-тұстарадың, тіпті бейтаныс казақтардың үйлеріне тунде барып айтқан. Оның неше түрлі макамы бар, бірақ елең жолдарында біреуден қайыр сұрайтында сезідер болмайды.

Ертедегі ата-бабаларымыз арнайы бір халықтық мерекелер мен жән-жоралғыларға, өмірлік құбыльыстаға байланысада да ән-жырлар шығарып отырығаны белгілі. Мұндай ән-жырлардың басқалардан ерекшелігі – кез келген той-жындарда айтылмайды немесе жапанда жалғыз жүріп кой баққан малышы көніл көтеру үшін шыркайтын әуендердің қатарына жатпайды. Өйткені олар, жана айтқанымыздай, сезі мен әуені бір-біріне өте сәйкес келетін әлдебір мейрамға, болмаса белгілі бір ғұрыптарға ғана арналып шығарылған ән-жырлар. Әндердің қатарына жігіт пен қыз отау құрганда шырқалатын – жар-жар, туысы өлгендеге көбіне әйелдер салатын – жоқтау, ұзатылып бара жатқанда қыз арман-тілегін мұнды әуенмен білдіріп, тұған-тұстарадын қосындысын – сыңсыз және т. б тәріздес ән-жырлар жатады. Исламмен бірге ілесіп келген жарамазан да бұлардың қатарын толықтырыған. Жырға құмар, әуен-сазға жаны құштар халқымыздың жарамазанды басқалардан ерек кастерлеп, оған арнайы әуен шығарып, ұрпактан-ұрпакқа жеткізіп отырғанының сырлы осында болса керек. Өкінішке орай діндік қалпыныз өз орнына келіп жатқан мынадай заманда, осындағы магынасы бар жарамазанды – кешегі кеңестік атеистер тәрізді «жарапазан» деген тексіз сезге айналдырып айтуды, болмаса жазу тыйымай тұр. Ешкім рамазан айын «рамазан айы» демейді гой. Ендеше, жарамазанды жарапазан деу – ете орынсыз ән түрпайы болмақ.

Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ,
жазушы